

Journal of Foreign  
Language Teaching  
and Applied Linguistics



Volume 4 - Number. 2 - 2017

Journal of Foreign Language Teaching and Applied Linguistics

Volume 4 - Number. 2 - 2017



First published 2014

Sarajevo 71210

© 2017 Azamat Akbarov for selection and editorial matter; individual contributors their contribution

**Editor-in-Chief**

Azamat Akbarov

**The Editorial Advisory Board**

Susan Gass, Michigan State University, USA  
Vivian Cook, University of Newcastle, UK  
Diane Larsen-Freeman, University of Michigan, USA  
Milena Žic-Fuchs, University of Zagreb, Croatia  
Larry Selinker, New York University, USA  
Mona Baker, University of Manchester, UK  
Mirjana Mavrak, University of Sarajevo, Bosnia and Herzegovina  
Nebojša Vašić, University of Zenica, Bosnia and Herzegovina  
Marijana Sivrić, University of Mostar, Bosnia and Herzegovina  
Izabela Dankić, University of Mostar, Bosnia and Herzegovina  
Rebecca Tipton, University of Manchester, UK  
Irina Kholina, Moscow State University, Russia  
Amir Pušina, University of Sarajevo, Bosnia and Herzegovina  
Marie J. Myers, Queen's University, Canada  
Danijela Vasic, University of Belgrade, Serbia  
Alyse Schoenfeldt, Palm Beach State College, USA  
Neva Cebren, University of Primorska, Slovenia  
Snežana Bilbija, University of Sarajevo, Bosnia and Herzegovina  
Igor Lakić, University of Montenegro, Montenegro  
Giovanni Borriello, Roma Tre University, Italy  
Željka Babić, University of Banja Luka, Bosnia and Herzegovina  
Yevgenij Paščenko, University of Zagreb, Croatia  
Merima Osmankadić, University of Sarajevo, Bosnia and Herzegovina  
Sanja Radanović, University of Banja Luka, Bosnia and Herzegovina  
Neždad Leko, University of Sarajevo, Bosnia and Herzegovina  
Aid Smajic, University of Sarajevo, Bosnia and Herzegovina  
Natasia Kostic, University of Montenegro, Montenegro  
Petar Penda, University of Banja Luka, Bosnia and Herzegovina  
Vesna Bulatovic, University of Montenegro, Montenegro  
Roberto Dapit, University of Udine, Italy  
Danilo Capasso, University of Banja Luka, Bosnia and Herzegovina



## TABLE OF CONTENTS

The methods of teaching foreign language to students of higher educational institutions studying different specialties .....	7
<i>Abdimaulen G</i>	
Language learner autonomy and learning strategies: applying informal drama techniques in EFL classroom .....	13
<i>Akhmedova Suirik &amp; Akbarov Azamat</i>	
Cross-lingual transfer of national and cultural semantics of phraseological units .....	21
<i>Alshinbayeva Zhuldyz &amp; Zharkynbekova Sholpan &amp; Satenova Serikkul</i>	
Linguistic world-image of kazakhstan and the usa: Through the lens of students .....	27
<i>Konuratbayeva Zhanar &amp; Sagadiyeva Zamzagul</i>	
Mythologization of the people's consciousness and belief in the Kyrgyz, Russian and Turkish political discourse .....	37
<i>Kyzhibek Bakzailu</i>	
Ағылшын тілін кәсіби бағдарлай отырып оқытуда терминдерді менгерту процесін оңтайландыру <i>Мәжит Зура &amp; Гүлдана Жұмағалиева</i>	43
Issues of translation rhetorical situations in Turkish fiction into Russian .....	55
<i>Mirzoyeva Leila &amp; Syurmen Oxana</i>	
Бала тіліндегі етістіктің қолданысы мен мағынасы .....	57
<i>Мұхамеди Құралай &amp; Мыңбаева Жансая</i>	
Peculiarities of ICT activities in ELT at secondary schools .....	63
<i>Nurakhmet Zhuldyz</i>	
Дәстүрлі және қазіргі тілдік санадағы «қасқыр» лексемасының лингвомәдени сипаты .....	57
<i>Ордабекова Хафиза &amp; Сауле Бурбекова</i>	
Content and language integrated learning in poly-lingual groups as collaborative means of enriching high school education .....	75
<i>Sagıtdinova Tanzilya</i>	
The main types of work on the development of writing skills of 11 <sup>th</sup> grade students' of the International Baccalaureate Diploma Program .....	79
<i>Stassishina Valentina &amp; Seisenbayeva Zhadyra</i>	
Role of critical thinking in development of spontaneous speech on lessons of professionally oriented English .....	85
<i>Tleshova Zh &amp; Baigonyssova K</i>	
Қазақ тілін үйретуде көркем әдебиет мәтіндерін пайдалану .....	95
<i>Зекенова Ажар &amp; Мауленова Гүлмира &amp; Қайыпбаева Мира</i>	
Problems in teaching the functional and semantic features of the verb "otyr" in the Kazakh language ....	101
<i>Zholshayeva Maira</i>	
К вопросу об организации учебной практики. По специальности .....	109
<i>Жұмалиева Рахима</i>	

Ағылшын тілін кәсіби бағдарлай отырып оқытуда терминдерді  
меңгерту процесін онтайландыру

Мажит Зура & Гүлдана Жұмағалиева  
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік  
басқару академиясы Дипломатия институты

**Абстракт:** Қазіргі жаһандану заманында, Қазақстанның Болон процесіне қатысу кезеңінде жыл сайын қазақстандық мамандардың еуропалық еңбек нарығына шығу мүмкіндігінің артуына байланысты шеттілді мамандарды даярлау мәселесі алдыңғы орынға шығып келеді. Қазіргі заман адамы күннен- күнге өзгеріп жатқан ақпарат ағымын тек қана өз тілінде меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар әлемдік қауымдастыққа тиесілі ақпараттармен алмасу мүмкіндігіне ие болуы қажет.

**Түйінді сөздер:**  
Ағылшын тілі,  
терминдерді  
меңгерту, оқыту  
тәсілдері

**Article History**  
Submitted: 16.06.2017  
Accepted: 18.10.2017

## КІРІСПЕ

Шет тілін меңгеру біздің уақытымызда кәсібиліктің қажетті шарты болып табылады. Ал кәсіби қарым-қатынас жасауға жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орындарының тыңдаушыларын даярлаудың осы міндетін шет тілін кәсіби бағдарлай отырып оқыту тәсілі шеше алады. Бұл жердегі кәсіби бағдарлай отырып оқытудың негізінде магистранттар мен докторанттарға шет тілін оқыту кезінде кәсіптің немесе мамандықтың ерекшеліктеріне байланысты қажеттіліктер есепке алынып негізделген оқу үрдісі түсіндіріледі, яғни шет тіліндегі терминологиялық бірліктер қатарымен жұмыс істеу көзделеді.

Кәсіби мамандандырылған салаларда болашақ кәсіп иелеріне арнайы ұғымдар мен терминдерді пайдаланып сөйлеуге үйрету олардың алған білімдерін тұрақтандырады. Жалпы, термин латынның «terminus», «шек», «шекара» деген мағынаны білдіретін сөзінен келіп шыққан. Термин жалпы қолданыстағы сөздерден мынадай белгілерімен ерекшеленеді:

1. Термин маман ортада қабылданады, бұл дегеніміз терминдер белгілі бір мамандық пен кәсіпке байланысты ұғымды білдіру үшін сала мамандарының қатысуымен жасалады деген сөз, ал күнделікті тұрмыс тіршілікте пайдаланып жүрген сөздер қарым- қатынас қажеттігінен туындайды және тілді тұтынушы кез -келген адам жасай алады;

2. Термин – белгілі бір арнайы нысанның немесе ұғымның атауы. Терминнің өзі білдіретін ұғымға сәйкестігі, моносемиялығы, халықаралық масштабта қолданылатындығы, мәнмәтінге тәуелсіз екендігі, жүйелілігі сияқты белгілерімен ерекшеленеді.

Арнайы ғылым салаларында қолданылатын терминдер жайдан - жай қолданылып жүрген жоқ. Осы өмірге келген терминдер қай сала болмасын, міндетті түрде белгілі бір қызметпен келеді. Сондықтан терминнің ең негізгі ерекшелігі ретінде оның функцияларын (қызметтерін) атауға болады. Термин функциясы (қызметі) арнаулы сала ұғымының атауы ретінде термин атқаратын қызметтердің жиынтығы. Терминнің келесі қызметтері бар:

- номинативтік;
- ұғымдық (сигнификативтік);
- қатысымдық (коммуникативтік);
- прагматикалық;
- эврикалық;
- когнитивтік.

Ұғымдық функцияны, әлбетте басқа сөзбен де атауға болады, белгілеу функциясы немесе таңбалау функциясы. Сигнификативті функцияның лексикалық бірліктерін қарастырғанда, оның белгілеу жолдары, дәлелденуі бойынша тілдік белгілеудің түрлері, белгілердің объектілер типтеріне деген қарым-қатынасы зерттеледі; термин негізінен оның түсіндірмелі мағынасын білдіреді.

Терминнің үшінші функциясы-қатысымдық-реципиентке біршама мазмұнды стилистикалық ақпаратты кері байланыс болатындай етіп жеткізу құралы ретінде

сипатталады. Қатысымды функция информативті деп те аталынады. Аталған ақпаратты жеткізу үшін, ол арнайы білімді жеткізу құралы болатындығын естен шығармауы керек. Сондай-ақ термин білімді кеңістікте және уақыт төңірегінде жеткізеді. Ғалымдар, өндіріс мамандары, басқару саласында қызмет ететін адамдар арасында арнайы білім туралы ақпарат алмасу барысында, олар назар бағытталған ғылыми, техникалық және басқа да терминдер қолданады. Ақпаратты дұрыс қабылдануы нақты терминдерді дұрыс пайдаланумен байланысты.

Тілдік белгілеудің прагматикалық функциясы коммуникативті функциямен тығыз байланысты. Ол коммуникацияның қатысушылары, тілдесу кезіндегі нақты жағдайлар және саланың белгімен байланысын анықтайды. Ол реципиентке ықпал ете отырған тіл продуцентінің таңдаған мақсатына байланысты болады: сендіру, іс әрекетке итермелеу. Термин үшін мақсаттар диапазоны жеткілікті түрде шағын болып келеді.

Когнитивті функция - терминді объективті шындық пен адамның ішкі өміріндегі құбылыстар мен заттарды тану кезіндегі ұзақ уақыттың қорытындысы ретінде анықтайды, яғни арнайы концептің вербализациясы сияқты, бірақ олар алғашқы кезде ойлау объектісі ретінде ғана емес, сонымен сезімдік тану болады (бұл фактіде терминдер метафорлар және терминдер метонимияларды құрауда негізделеді) [2, 25].

Әдіснамасы. Маманның кәсіби саласындағы терминдерді танып, білуі, кәсіби ортада дұрыс қолдана білу дағдыларын жете меңгеруі- нағыз кәсіби шеберлік, тілді терең білу көрінісі, нақтырақ айтқанда, ғылымды игеру – оған тән терминологиясын меңгеру, кәсіби іс- әрекетінде еркін қолдана білу күзiреттiлiгiнiң қалыптасуы.

Мамандыққа қатысты тыңдаушыларға терминдерді меңгерту барысында тыңдарманның сөздік қоры дамып, оқу техникасы қалыптасып, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға, ойлау шеберлігін арттыруға, термин сөздерді ажырата білуге үйрету болып табылады. Термин сөздерді меңгерту үшін алдымен мамандыққа байланысты, оның сырын ашатын мәтін таңдалу керек.

Ф. Оразбаева күзiреттi маман болудың алғышарттарының бiрi кәсiбi тiлдесiмдi: «Тiл үйренушiлерге белгiлi бiр мамандықтың саласына байланысты сөйлеудiң үлгiлерiн, мамандыққа қатысты сөздердi, тiлдiк қолданыстарды, терминдердi үйрету,»- деп анықтайды. [2;47]

Бiлiм алушылар кәсiбi тiлдiк күзiреттiлiктiң негiзгi буыны салалық терминологияның негiзгi ұғымдары мен түсiнiктерiн, оның өзектi мәселелерiн, терминжасамның когнитивтiк негiздерiн бiлмесе, ғылыми мәтiн лексикасын меңгере алмайды.

Академия тыңдаушыларына терминологиялық лексиканы меңгертудегі байланыстық-когнитивтік тәсілді жүзеге асырудың негізінде келесі лингвоәдістемелік қағидаттар (шет тілдерін үйретудің қағидаттары) жатыр: 1) байланыстық (коммуникативтік) қағидасы; 2) туған тілін ескеру қағидасы; 3) тіл аспектілерінің және сөйлеу қызметі түрлерінің жіктелу және бірігу қағидасы.

Байланыстық қағидасы шет тілінде кәсіби-бағдарланған қарым қатынасты жүзеге асыру мақсатында тілдік қызмет контекстіндегі терминологиялық лексикаға

бағдарланған оқуды қамтамасыз етеді. Бұл қағида байланыстық жаттығулар жүйесін, тапсырманы ағылшын тілінде түсіндіру, сабақ барысында тілдік ортаны құру арқылы жүзеге асырылады. Мамандықтың шет тілін оқу курсы кәсіби-бағытталған сипат қана емес, байланыстық-бағдарланған сипатқа да ие болуы керек.

Кәсіби-бағдарланған байланыс үрдісі сабақ барысында қажетті терминологиясы бар, тілдік материалдармен жанасқан байланыстық жаттығуларды орындау арқылы қамтамасыз етіледі. Байланыстық жаттығулардың басты құрауышына байланыстық есептер мен орындауды бақылауды қоспағанда, байланыстық тапсырмалар кіреді. Байланыстық тапсырмалар пікірталастың, рөлдік ойынның, іскерлік ойынның, қиялдағы жағдайдың, жобаның тәжірибелік формасын қабылдайды және тыңдаушылардың назары мен күшін бірлескен сөйлеу қызметіне бағыттайды. Сонымен бірге қатал емес, яғни сөйлеу қызметін және тілдік құралдарын қолдануды минималды басқару деңгейінде сөйлеу әрекетінің желісін тыңдаушылар өздері басқарып отырады.

Туған тілін ескеру қағидасы арнайы терминдерді түсіндіру, оларды семантизациялау, түсінілуін бақылау және қажетті терминологияны меңгеру кезінде орыс, қазақ және ағылшын тілінде осы терминдерді салыстыруды жүзеге асыруды көздейді. Тыңдаушылардың туған тілі жаттығуларды орындауда олардың тілдік даярлығының деңгейін дәл анықтауға мүмкіндік беретін кәсіби-бағдарланған пікірлердің кері аудармасын жасаудағы негізгі тілі ретінде қызмет атқарады [1; 23].

Тіл аспектілерінің және сөйлеу қызметі түрлерінің жіктелу және бірігу қағидасы мамандық терминологиясын меңгеру бойынша біріктірілген жұмыстарды жасаудың қажеттілігін көрсетеді. Мысалы, арнайы терминдер мағынасын меңгеру жұмыстары оларды айту және естіп қабылдауды үйретумен бірігеді, кәсіби-бағдарланған мәтіндерді оқу болса оларды тыңдаумен, мазмұндап айтумен және аударумен біріктіріледі.

Бұдан бөлек, терминологиялық лексикаға үйретудің байланыстық-когнитивтік әдісін жүзеге асырудың негізінде белгілі бір жиі кездесетін әдістемелік қағидалар жатады: 1) өзіндегі бар біліміне негізделген білімді дамыту сипатындағы қағида; 2) сыртқы сөйлеу қызметі мен ішкі сөзойлау қызметін бағалауға және қажетті ақпаратты алу шығындарын бағалауға негізделген оқудың қызметтік сипаты қағидасы; 3) тілді меңгеру барысындағы шешімдерді студенттер өздері жүзеге асыруымен байланысатын дербестік қағидасы (Қандай білімдер жаңа болып табылады? Өзіндегі бар біліммен олар қалай байланысады? Қандай ақпараттар маңызды, ал қандайы маңызды емес болып табылады? және т.б.); 4) бір жағынан тыңдаушылардың өзіндегі кәсіби білімдері мен когнитивтік қабілеттерінің байланысуы және екінші жағынан олардың шет тілін меңгеру деңгейінің негізінде тілдік және пәндік білімдердің балансы қағидасы; 5) оқу барысында оларсыз тілдік байланыс жасау мүмкін болмайтын арнайы білімдерді белсенді қолданумен байланысатын сөзден ақпарат алу мақсатында туған тілінен байланыстық стратегияларды ауыстыру қағидасы; 6) дұрыс жауаптарды алу сәтті жүзеге асырылуы үшін қажетті оқу уақытысын тиімді қолдану негізінде оқытушының білім алушыларға позитивті көңіл-күй тудырумен, білім алушылардың сәтті жұмыстарын мадақтаумен, студенттердің қызғушылықтары мен ынталарын ескерумен байланысатын позитивті сезімталдылық қағидасы; 7) шет тілін меңгерудегі саналы және оны бейсаналы түрде меңгерудегі тепе теңдік қағидасы. Ол тыңдаушылардың тілдік болмаса да басқа да бір мәселелерін шешуде

шет тілін қолдану қажеттігімен қақтығысып, белгілі бір тіл бірліктерін есінде сақтап алуы кезінде көрінеді. 8) ішкі жүйелілік қағидасы. Мұнда тыңдаушылар өздігінше оқудың ішкі жүйесін құрулары қажет, себебі сәйкес сыртқы жүйе қалай айтсақ да білім алудың кепілі бола алмайды.

Терминдерді күзиреттілік деңгейінде меңгертуге қол жеткізу үшін оқыту үрдісін жаңаша жүйеге құру мәселесі өзекті болып табылады. Сондықтан білім алушы магистранттарға шет тілін кәсіби бағдарлай отырып оқытуда өз саласының терминологиялық жүйесімен таныстырудың әдіс-тәсілдерін зерделей отырып, білім алушыларды терминологиялық жүйемен таныстыруда пәннің мазмұны мен тілді кіріктіре оқыту ретінде танылған CLIL (Content and Language Integrated Learning) тәсілін қолданудың артықшылығына тоқталғымыз келеді.

Еуропада тілді болашақ кәсібінің мазмұны немесе тіл бағытынан тыс бірнеше пән арқылы оқыту *CLIL (Content and Language Integrated Learning)* – пәннің мазмұны мен тілді кіріктіре оқыту ретінде танылған. Еуропада 1990-шы жылдардан бастап таралған *CLIL* білім берудің барлық деңгейлерінде студенттерге “пән (мазмұны) шет тілі арқылы оқытылатын білім беру тәсілі” ретінде айқындалды [5;88]. Бүкіл әлем университеттерінде қарқынды енгізіліп жатырған бұл әдісті Қазақстанда да енгізу себептерінің бірі болып табылатын үш тілді дамыту саясаты басқа да экономикалық, саяси және әлеуметтік себептермен бір қатарда.

CLIL-дің теориялық негізі Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясы мен *Жақын арадағы даму аймағы* ( Zone of Proximal development (ZPD)) ұғымына, Джим Кумминстың BICS/CALP (Basic Interpersonal Communicative Skills)/ (Cognitive/Academic Language Proficiency) теориясына және америкалық психолог Бенджамин Блум ұсынған танымдық саладағы оқытудың педагогикалық мақсаттарының жіктелуі- Блум таксономиясына негізделеді [4;40].

CLIL-дің негізгі мақсаты студенттердің пән саласына сәйкес алдыңғы алған тәжірибелері мен жеке қызығушылықтарын интеграциялау жолы арқылы оларда CALP-ты қалыптастыру [6; 52]. Л.С.Выготскийдің, Джим Кумминстың жұмыстарын және Блумның таксономиясын зерделей отырып, CALP құрылымына үш компонентті жатқызуға болады: когнитивті компонент (оқытылып жатқан пән бойынша талдау, синтездеу, бағалау сияқты ойлау қабілетінің жоғарғы деңгейін дамытумен анықталады, ал бұл өз ойын нақты жеткізе алу, алынған нәтижелерді дәлелдеу және талдау, дәлелдер келтіру, пайымдауды жеткізе алу, тұтасты бөліктерге бөле алу және олардың арасындағы өзара қарым-қатынасты анықтау, негізгі және жанама ақпаратты ажырата алу, құбылыстарды бағалау және талдаумен сипатталады); академиялық компонент (терминологиялық минимумды, тілдік бірліктерді білу, анықтама беріп үйрену, графикалық материалдармен жұмыс жасау, лексикалық ақпаратты алу және сақтау, сөздерді меңгеру, оларды қолдану кезінде ойлана отырып сөйлеу үшін еске түсіру) және тілдік компонент.

CLIL терминін 1994 жылы қолданысқа енгізген Дэвид Марш бұл әдіснамалық тәсілді пәндер немесе пәндердің бір бөлігі қосарлы мақсатқа, атап айтқанда пән туралы білім алуға және сонымен бір уақытта шет тілі бойынша білім алуға назар аударылатындығын сипаттап берді [8;27]. Бұл әдістің педагогикалық және әдіснамалық тұстарымен айналысып келген ғалымдардың пайымдауынша және Финляндия, Норвегия, Польша, Германия, Испания, Италия сияқты Еуропа елдерінде



жаппай енгізілген тәжірибе нәтижесі көрсетіп отырғандай, егер *CLIL* тиісті түрде жүзеге асырылса, ол тыңдаушылардың тілдік дағдысын және тақырыпты білуін жақсартуға ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар мәдениетаралық білімді игеруді ілгерілетеді деген фактіні алдыңғы қатарға шығарады. Оқытудың алуан түрлі стратегияларын дамытуға және инновациялық оқыту әдістерін қолдануға ықпал ете отырып, пәнмен байланысты оқыту когнитивтік даму мен жалпы шет тілін оқытуды да жеңілдетеді.

*CLIL* негізгі төрт қағидаттың ықпалдасуына негізделген: таным, қоғамдастық, коммуникация және мәдениет [7;45]. Онда хабарлауға (тақырып, мазмұн), ортаға (тіл) және басқалармен әлеуметтік өзара іс-қимыл жасауға назар аударылады. Бұл тәсілді ұстанушыларға сүйенсек, тілдің өзгеруі таным үшін катализатор ретінде әрекет етеді

Пән мен тілді кіріктіре оқыту тәсілінің шет тілін кәсіби бағдарлай отырып оқытудағы тағы да бір артықшылығы - лексикалық-терминологиялық талдауға, яғни терминнің сипаттамасы бойынша талдауға (өнімділік, қысқалық, айқындық, жүйелік), терминологиялық қатардың қалыптасуын талдауға және глоссаримен жұмысты жүйелі жүргізуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының тыңдаушылары үшін «Кәсіби бағдарланған ағылшын тілі» пәні міндетті компонент болып табылады. Осы пән бойынша бағдарламаларлы дайындауда түрлі отандық және шетелдік жазбаларды зерделей отырып, шет тілін кәсіби бағдарлай отырып оқытуда *CLIL* тәсілінің басымшылықтары артып, осы тәсіл негізінде бағдарламаны дайындауды жөн көрдік. Себебі аталмыш оқу орнының тыңдаушылары мемлекеттік қызметкерлер болып табылатындықтан, сонымен қатар жұмыс барысында шет тіліндегі терминдерді игеру қажеттіліктерінің туындауы салдарынан бұл тәсілдің артықшылықтары тәжірибе жүзінде де ойлаған деңгейде өз нәтижесін көрсетті.

Сабақ барысында терминдерді пән мен тілді кіріктіре оқыту тәсілі негізінде “Running commentary”, “Skinny and fat questions and thinking skills”, “KWL (know, want, learn) grid”, “Newsy newspapers”, “Placemat”, “Scrambled eggs”, “Vital visuals” сияқты шаралар арқылы тыңдаушылардың қызығушылықтары оянып, терминдерді жеңіл игеруге ықпал етті [3; 120].

## ҚОРЫТЫНДЫ

Мақаламызды қорытындылай келе, кәсіби тілдік күзінеттілікке ие тыңдаушы шет тілінде жүргізілетін сұқбаттарға еркін қатыса алатынын, сонымен қатар ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, әртүрлі мәжілістерде шетелдік әріптестерімен кәсіби ортасында талқылауларға қатысып, келісімдер жүргізе білетінін, өзіндік сыни көзқарасын білдіріп, кәсіби шығармашылық тұрғыда жұмыс істей алатынын дәлелдей алдық деп ойлаймыз.

Елімізде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын дамыту басымдыққа айналып, соның ішінде жаһандану жағдайында әлемдік интеграцияға кірігу тілі ретінде ағылшын тіліне мән берілуде. Ал сол тілді кәсіби тұрғыдан оқытуда мамандық лексикасымен, яғни

терминдер бірлігімен таныстыру және оларды сөйлеуде қолдана білуге дайындау мәселелері мен әдістері өзектілігін жоймайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Айтбаев О. Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы.- Алматы, 1992
2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі.- Алматы, 2000
3. Ball P. CLIL, English teachers and the three dimensions of content-Modern English Teacher. — 2015. — P. 47–50.
4. Coyle D., Hood P., Marsh D. CLIL Content and Language Integrated Learning. — Cambridge: Cambridge University Press, 2010. — P. 254.
5. Costa F. Integrating Content and Language in higher education in Italy; Ongoing research. International CLIL Research Journal.— 2010. — No. 1(3). — P. 19–29.
6. Cummins Jim. Language, power and pedagogy: Bilingual children in the crossfire — Clevedon, England: Multilingual Matters, 2000. — P. 111
7. Dale L., Tanner R. CLIL activities. A resource for subject and language teachers. Cambridge Handbooks for Language Teachers. Series Editor Scott Thornbury. — Cambridge: Cambridge University Press, 2013. — P. 294.
8. Dalton-Puffer C., Nikula T., Smit U. Charting policies, premises and research on content and language integrated learning. In C. Dalton-Puffer, T. Nikula, & U. Smit (Eds.), Language use and language learning in CLIL classrooms. — Amsterdam: John Benjamins, 2010. — P. 3–19.